



# СЫР БОЙЫ

№58  
(19736)  
23 СЭУІР,  
СЕЙСЕНБІ  
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

BUJINGI SANDA



1500-ге ЖҮЙҚ АҒАШ ЕГІЛДІ



BALYQ АҒЛАЙҒА ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ



ULTTYQ ULAN KONTSERTTIK BAĞDARLAMA USYNADY

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге алғашқы мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Мун Чжэ Инмен шағын құрамда келіссөздер өткізді.



сауда-инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықты дамыту турғысынан маңызды он елдің бірі болып табылады. Өзара тауар айналымы көлемінің қарқынды өсуін ерекше атап өтеміз. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша оның көрсеткіші рекордтық деңгейге, яғни 4 миллиард долларға жетіп, 2017 жылға қарағанда екі еседен астам өсті. Инвестиция саласындағы ынтымақтастығымыз жоспарлы түрде дамып келеді. Кореядан Қазақстанға тартылған тікелей инвестиция көлемі 7 миллиард долларға жетті. Оңтүстік корейлік бизнес тамақ өнеркәсібі, кен байыту, автомобиль және экономикамыздың басқа да са-

лаларында табысты жұмыс істеуде, – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайтуға корей диаспорасы зор үлес қосқанын атап өтіп, корейлердің Қазақстандағы ірі этникалық топтардың қатарына кіретінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде тұрағын көрсетердің этномәдени ерекшелігін сақтау үшін Қазақстан Үкіметі бұдан былай да барлық жағдай жасайтынын айтты. Корея Республикасының Президенті «Қазақстан – 2050» даму Стратегиясына оң баға беріп, Орталық Азия елдерінің арасында Қазақстанның жоғары қарқынмен

## СЫНАҚ

### ҰБТ – БІЛІМ БЕЗБЕНІ

Жыл сайын мектеп бітіруші, ата-ана, ұстаздар қауымының «Ұлттық бірыңғай тестілеуде нендей өзгерістер болады екен?» деп алаңдайтыны шындық. Өйткені, мектеп түлектеріне оқу грантын ұтып алуға мүмкіндік беретін бұл сынақ 14 жыл бұрын енгізілгенімен, әлі де бір жүйеге түспей келеді. Биылғы түлектер үшін де ҰБТ өзгерісімен ерекшеленді.

Айгүл БАТТАЛОВА.

«Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары» туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы №204 бұйрығына 2018 жылғы №658 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені белгілі. Ол бойынша биылдан бастап жоғары оқу орындарына түсу үшін жылына 4 рет тест өткізіледі. Бұл тесттерді түлектер қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айларында тапсырады. Қаңтардағы, наурыздағы және тамыздағы ҰБТ-ға қатысқан талапкерлер ЖОО-ның тек ақилы бөлімдеріне ғана түсе алады. Ал тестке қатысу ақилы. Егер талапкер мемлекеттік грант алғысы келсе, онда ол міндетті түрде маусымда өтетін тестілеу емтиханын тапсырып, тек соның қорытындысы бойынша ғана грант байқауына қатыса алады. Айта кету керек, қаңтар, наурыз айларында өткізілген ҰБТ-ға қатысқан мектеп бітіруші маусым айында өткізілетін тестілеу сынағына және мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін аяқтайды. Сонымен қатар, ҰБТ-ға қатысушының ағылшын тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификат болса, «шет тіл» пәнін тапсырудан босатылады екен.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2018-2019 оқу жылында өңірде 5754 оқушы мектеп бітіреді деп күтілуде. Соның әзірге 4301-і ҰБТ-ға қатысуға ниетті.

Облыс көлемінде 9 тестілеу орталығы бар. Оның 7-і аудан орталықтарында болса, 2-і Қызылорда қаласында орналасқан. Басқарма тарапынан биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу мен ұйымдастырудың іс-шаралары әзірленіп, жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Соның аясында әсіресе, биылғы ҰБТ-ға енгізілген өзгерістер мен ерекшеліктер жан-жақты түсіндіріліп, ақпараттық-насихат жұмыстары үздіксіз жүргізілген. Сонымен бірге орта мектептер базасында және тестілеу пункттерінде мектеп бітірушілерді сынама тестілеуден өткізу жұмыстары жүргізіліп, талдау жасап отыру жолға қойылған.

Белгілі болғанындай, облыста қаңтар айындағы тестілеу емтиханына 5752 бітірушінің 2056-сы қатысқан, бұл 35,7 процентті құрайды. Сынақ Қазалы, Жаңақорған, Қызылорда қаласында орналасқан 3 тестілеу пунктінде ұйымдастырылған.

Айта кету керек, биылғы ҰБТ ережелеріне толықтырулар енгізілгенімен форматы өзгеріссіз. Пәндердің саны бұрынғыдай – 5, тест тапсырмалары – 120, максималды балл – 140.

Мемлекеттік оқу грантынан үмітті әрбір талапкер үшін сындарлы сәт жақындап келеді. Оқушының да, мұғалімнің де 11 жыл бойғы еңбегін, білім деңгейін көрсететін жауапкершілігі жоғары білім додасында бағы мен бабы қатар шапқандар ғана дүптеген межелен көріністі белгілі. Ендеше, талапкерлерге сәттілік серік болғай.

## ЕЛБАСЫ ЕЛШІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті екі мемлекет арасында орныққан қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін атап өтіп, оны әрі қарай дамытудың перспективаларына тоқталды. – Сізбен жүздескеніме қуаныштымын. Төраға Си Цзиньпиннің бірлескен жұмыстарымыздың нәтижелері мен перспективалары талқыланатын «Бір белдеу, бір жол» атты форумға қатысуға шақыруын ризашылықпен қабылдадым. Сонымен қатар, біз жеті жыл бойы өзара түсіністік рұхында бірлесу жұмысы істеген Қытай Халық Республикасының Төрағасымен келіссөз өткізу жоспарланып отыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті көлік-логистика саласындағы бірлескен жобаларды іске асырудың тиімділігін айтты. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев барша Қытай халқын Қытай Халық Республикасының 70 жылдығымен құттықтап, зор табыс және бақ-береке тіледі. Елші Чжан Сяо Нұрсұлтан Назарбаевқа Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің зор ілтипатын жеткізді. – «Бір белдеу, бір жол» атты екінші форум – 37 мемлекет пен үкіметтердің басшылары қатысатын аумақтық халықаралық шара. Қатысушылардың ішінде Сіз, Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл ішараның ең маңызды әрі құрметті қонағы боласыз, – деді ҚХР елшісі.

## SARAP

### ЭНЕРГЕТИКА: БОЛАШАҚТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Қазақстан энергетика министрлігінің мәліметі бойынша елімізде 2018 жылы 106,7 млрд кВт/сағ. электр қуаты өндіріліп, тұтыну мөлшері 103,2 млрд кВт/сағ. құраған. Демек, өндірілген көлем тұтынудан артық. Бірақ сарапшылар пікірінше, алдағы ондаған жылдар мересімен есептесек, Қазақстанға қосымша қуат көздері әбден керек. Халықаралық энергетика агенттігі, Дүниежүзілік энергетикалық кенес, МАГАТЭ тәрізді ұйымдардың сараптамасына назар салсақ, 2050 жылға дейін өлем бойынша энергияға деген сұраныс көлемі ұлғаймақ. Бұл саладан 90 пайызға дейінгі

өсімді Үндістан, Таяу Шығыс елдері мен Қытай қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бүгінде жеріндегі табиғи кен орындарын игеруде үнемшілдік танытып отырған АҚШ болашақта мұнай мен газды экспорттаушы мемлекетке айналуы мүмкін. АҚШ 2030 жылға қарай мұнай өндірісінен Сауд Арабиясынан да озып кетеді деп болжанады. Бес жылдан соң өлемдік мұнай өндірісі көлемінің ұлғаюы дәстүрлі емес қорларды игеру арқылы жүзеге аспақ. Мұнай өндірісінің келешегі көлік индустриясымен де байланысты болады.



2-бет.

## ЖҮН

### АЙМАҚ БАСШЫСЫ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңірде осыған дейін облыс прокуроры болып қызмет еткен Халидулла Зиноллаұлы Дәуешов пен облыстық полиция департаментінің бастығы қызметін атқарған Қайрат Болатұлы Мұхитовқа алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Сыр елінде еңбек еткен үш жыл ішінде екеуіңіз де білікті, іскер басшы екендеріңізді көрсеттіңіздер. Осы жылдар ішінде облыста құқық қорғау саласында көптеген жетістікке қол жеткіздік. Стационарлы полиция бекеттері құрылды. Республикада алғаш болып құқық қорғау қызметтерінің орталығын аштық. Мұның барлығы нәтижелі жұмыстың көрсеткіші. Жаңа қызметтеріңізге сәттілік тілеп, Сыр жұртшылығы атынан алғыс білдіремін, – деді аймақ басшысы. Кездесуде облыс әкімі аталған азаматтарға сый-сияпат жасап, облыстың Құрмет грамотасын табыстады.



– Осында еңбек еткен үш жылда мақсатымыз азаматтардың құқықтарын қорғау болды. Әлбетте, бұл мұратта бірлік пен қолдау керек болды. Сіздің қолдауыңызға алғыс білдіремін, – деді Х.Дәуешов. Айта кетейік, Х.Дәуешов Атырау облысының прокуроры, Қ.Мұхитов ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтеріне ауысты. Сондай-ақ, жынды аймақ басшысы бірқатар қызметке тағайындаулармен таныстырды.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**  
2019 жылғы 24 сәуірде сағат 10.00-17.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Қызылорда облысында жаппай кәсіпкерлікті дамыту туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді. Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз. Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

**Баспасөз – 2019**  
**ҚАДІРАЙ ОҚЫРМАНЫ**  
2019 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу нақаны жүргізілуде.  
Облыстық «Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: **жөкелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.**

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.  
2019 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С. Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және атылған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға белгі қызметкерлері барып қызмет көрсететін өкіл сәлем.

ҮНДЕҮГЕ ҮН ҚОСТЫ



# 9 МАУСЫМ —

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ

### СЫР ЖАСТАРЫ СЕРПІНДІ

Сырбойлық жастар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы үндеуін қолдайтындықтарын білдірді. 200-ге жуық студент бас қосқан форумда олар алдымен тәуелсіздігімізді сақтап, әлем елдерімен терезімізді теңестірген Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегін ерекше атап өтті.

«Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес Тұңғыш Президенттің жастарға жасаған қамқорлығы зор екенін айтты.

— Елбасы әрқаз жастарға ерекше назар аударып келеді. Мұның бірден-бір айғағы — 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Тарихымызға көз жүгіртсек, 1993 жылы Елбасы экономикалық қиындықтарға қарамастан Қазақстан жастарына арналған «Болашақ» стипендиясын тағайындады. Бағдарлама аясында еліміздің мыңдаған түлектері шет мемлекеттерде білім алды. Біз кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешімді толық қуаттаймыз. Жастар ел мүддесі жолындағы маңызды шараға біркөксей атсалысамыз, — деді Талғат Тілес.

Сондай-ақ, облыстық «Славяне» қоғамдық-мәдени орталығының мүшесі, облыстық Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы «Жаңғыру жолы» жастар қанатының төрағасы Артем Кошман кезектен тыс Президент сайлауы ел дамуына серпін беретінін атап өтті.

Форум соңында студент жастар сайлауды қолдау жөнінде өз үндеулерін жариялады.



## ӨЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі 28 жылда Тұңғыш Президенттің бастамасымен қоғамның ілгерілеуі дамудың барлық жағдай жасалды. Нормативтік-құқықтық жүйе анағұрлым жетілдірілді. Қоғам мен мемлекеттің қарым-қатынас ауқымы кеңейіп, сапалы деңгейге көтерілді. Әсіресе, әлеуметтік проблемаларды шешуде билік пен қоғам арасындағы байланысты нығайтқан баса айтқан жөн.

Қоғамда әркім өз құқығы мен мемлекет алдындағы міндеттерін терең сезінуі тиіс. Ал мемлекет қоғамның талап-тілегін іске асырады. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Демек, «Қазақстан-2050» стратегиясының тұжырым-дамасында көрсетілгендей, қоғам сеніміне тек адалдарға жасалған қамқорлық арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ел басқарушысы алдымен халықтың әл-ауқатын әлеуметтік-экономикалық жағынан қамтамасыз етіп, содан соң жоғары мақсаттарға шақыруға міндетті.

Қазақстан қоғамы кезектен тыс Президент сайлауының кейінгі елдің дамуы Елбасының стратегиялық бағытымен сабақтасатынына сенім білдіреді.

Арнұр НУРМАҒАНБЕТОВ, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары.

СЕНБИЛІК

## 1500-ге ЖУЫҚ АҒАШ ЕГІЛДІ



Қаланың бірқатар тұрғындары сенбі күнін сергек бастады. «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу» акциясына атсалысқан мекеме қызметкерлері «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешіт маңайын тазарту, ағаш егу жұмысына біркөксей жұмыла кірісті.

### Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Әлемде осыдан 100 жыл бұрын, 1919 жылы басталған алғашқы сенбіліктен бері бұл шара тұрғындарды ерікті түрде біріктіріп, аймақ тазалығын сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Ал облыста наурыз айында басталған сенбілік шарасы мамырдың алғашқы апта-

сына дейін жалғаспак. Өткен сенбіде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті облыстық аумақтық инспекциясының 25 қызметкері мешіт маңайына 50 түп жиде, шие, өрік ағаштарын ексе, Қызылорда

## АУЫЛ АЗАМАТЫМЕН АЖАРЛЫ

Еліміздің барлық аймағында болған «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу» акциясына қармақшылықтар, оның ішінде ғарышкерлер айлағы тұрғындары да біркөксей атсалысты.

Біз алдымен Төретам кентінде болған Әдік Кенттің орталық алаңына жеткенімізде ондағы Шайхмбек Сүйімбетов басқаратын әкімшілік қызметкерлері Ұлы Отан соғысында қаза болған және хабарсыз кеткен төретамдық боздақтарға орнатылған ескерткіш айналасын тазартып, түрлі ағаш көшеттерін егіп жатыр екен. Біз де олармен бірлесіп бірнеше тал көшетін ектік.

— Наурыз айында басталған шара үздіксіз жалғасып отыр. Бүгінгі күнге дейін Төретам кенті бойынша 1000 ағаш егіліп, 1700 текше метр құдық-арналар орнатылып, 1000 метр шарбақ сырланып, 18 тұрғын үй өктелді. Ал, осы жұмыстарды атқаруға келгеніміз білім беру, мемлекеттік мекемелермен бірге қоғамдық ұйымдар мен кәсіпкерлер және жеке тұрғындар да өз үлесін қосуда. Жалпы алғанда, бүгінгі күнге дейін 320 адам санитарлық тазалық жұмысына қатысса, 4 арнайы техника жұмыс жасауда, — деді кент әкімі Ш.Сүйімбетов.



Ақай ауылына да аялдадық. Ауыл әкімі Гүлсара Омарова ұжымдастарымен бірге орталық алаңда сенбілік басынан табылды.

— Осы жаңа ғана ауылды аралап келдім. Мекеме, кәсіпорындармен бірге жеке тұрғындар және кәсіпкерлер ұйымшылдықпен акцияға қатысуда. Біздің ауылда «Ағаш ету» шарасы жоғары дәрежеде өтуде, — деді ол.

Шынында, ауыл орталығындағы үлкен көше бойында сенбілікке келген тұрғындар аз емес.

Ал, Байқоңыр қаласында жыл сайын 20-сәуірде қала әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Бүкілқазақстандық сенбілік» өтеді. Сол үрліспен қаладағы барлық мекеме, кәсіпорындар, кәсіпкерлер өздеріне бекітілген жерлерге тазалық жұмыстарын жүргізеді. Осылайша, өткен сенбідегі игі шараға Төретам мен Ақай және Байқоңыр қаласының жұртшылығы өз үлестерін қосты.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ, Байқоңыр қаласы.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



### Облыс әкімінің өкімімен Фердоуси Әбілқасымұлы Қожабергенов Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Фердоуси Қожабергенов 1972 жылы туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит», сондай-ақ «Болашақ» университетін «Зантаны» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы жас техниктер станциясы үйірмесінің жетекшісі ретінде бастаған.

1992-2014 жылдары — салық органдарының Қазалы, Арал және Сырдария аудандарындағы аумақтық бөлімшелерінде жауапты лауазымдарда қызмет атқарған.

2014 жылдан бастап осы кезге дейін Қазалы аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 санды «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдесіндегі №267-1 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес, ЗК-169/1 мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 27-34-70 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Ішкі беттерде орналастыру — 250 тенге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте — 300 тенге. Сондай-ақ, облыстық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Тарауы 9900 данадан кем емес.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру — 250 тенге; Ішкі беттерде орналастыру — 150 тенге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте — 180 тенге. Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тірілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жанақорған аудандық «Жанақорған тынысы» газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттерге, ҚҚС қоса есептегенде: • бірінші бетте орналастыру — 250 тенге; • ішкі беттерде орналастыру — 150 тенге; • ең соңғы түрлі-түсті бетте — 180 тенге. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

## ЭНЕРГЕТИКА: БОЛАШАҚТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Мұнайды пайдалану көрсеткіші тұрғысынан Үндістан, Қытай және Таяу Шығыс елдері алдыңғы орыннан көрінеді. Ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін 29 мемлекетте мұнай өндірісі азаймақ.

Сондай-ақ, Қытай, Үндістан және Таяу Шығыс елдерінің үлесінен газ өндірісінің көлемі де ұлғаяды. Экономикалық даму жөнінен алдыңғы орында тұрған АҚШ-та газ өндірісіне басымдық берілді. Еуропаны газбен Каспий аймағы қамтамасыз ететін көрінеді. Қазір дүниежүзі бойынша сығылған газ өндірісінің көлемі де біршама ұлғайып келеді. Тімділігі жоғары технологияларға адамзат толығымен көшу үшін 15 жылдай уақыт керек. Осы уақыт ішінде мұнай мен газ ең қажетті ресурс болып қалады.

Негізгі энергия көзін бірі көмір екені белгілі. Дүниежүзілік энергия айналымында көмір үлесі өседі деп күтілуде. Бүгінде Германия көмір электрстанцияларын іске қосуға дайындалуда. Көмір өндірісіне қатысты таза технологиялар іске қосылғанда көмірдің әлем бойынша өндірістік үлесі артады екен. Әзірше көмірдің зиянды әсерін төмендететін технологиялар жасалып жатқан бірнеше мемлекетте ғана енгізілген.

Енді маңызды бір мәселе бар. Радиоактивті қалдықтарды қалай жеткізіп, қала бермек. Бүгінгі таңда халықаралық мамандар энергия өндірісінің тиімділігін арттыру мәселесін кеңінен талқылауда. Энергия үнемдеуді барлық мемлекеттер мақсат етіп қойғанмен, бұл саладағы тиімділікті арттыру өз деңгейінде жүзеге асты деуге болмайды. Энергия тиімділігіне инвестиция салынса, энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өсімге және экологиялық мәселелерді шешуге септігі тиер еді. 20 жылдан кейін энергияның жаңартылған түрлері бүкіл электр энергиясының үштен бірін алатын болады. Қазіргі кезде өндірілетін энергияның тек төрттен бірі ғана жаңартылған түрі болып отыр. Жақын арада энергияның жаңартылған түрлері электр энергиясы өндірісінде екінші орынға шығады деп болжам айтады халықаралық агенттік мамандары.

«Kazenergy» агенттігінің баяндамасында Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергияның үнемдеу арқылы бәсекеестік деңгейін көтеру, ғылыми потенциалды арттыру, энергия тиімділігін арттыру, экология және су-энергетикалық мәселелер сөз болды. Қазіргі таңда Қазақстан әлемде энергия ресурстары өндірісінен алдыңғы 20 мемлекеттің тізіміне кіреді.



Дүниежүзі бойынша табиғи энергия ресурстарының 46 пайызы көмірге, 30 пайызы уранға тиесілі. Табиғи ресурстардың қоры жөнінен Қазақстан әлемде 6-орында тұр. АҚШ мамандарының есебіне сүйенсек, Қазақстанның барлауға түскен кен орындарындағы қазына 10 триллион АҚШ долларына жетеді екен. Массачусетс технологиялық институтының табиғи ресурстар және энергетика жөніндегі маманы, доктор Даниел Фаннин сараптамасы бойынша 1991 жылдан өзіне КСРО иеленген хром кенінің 90, мыстың 26, қорғасын мен цинктың 33, вольфрамның 38 пайызы Қазақстан жерінен алынған. Кенестер Одағының кезінде барит қорының 82, фосфориттің 65, молибденнің

өтеуде. Қазіргі кезде әлемде күн батареясынан алынатын энергия құны жыл сайын арзандауда.

Алдағы бес жыл ішінде Германия жаңартылған энергияның есебінен 40 пайыз артық энергия алады. Жаңартылған энергия көздерін игерудің арқасында елде шағын және орта бизнес дамып, салық түсімі артып отыр.

Жаңартылған энергия көздерін тиімді игеру арқылы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндігі зор. Энергетика көздерін жаңарту жасыл технологияларды тиімді игеру мен пайдаланудан басталады. Энергетикалық технологиялардан әзірше Жапония, Германия, Норвегия, Оңтүстік Корея, Дания сияқты мемлекеттер озық тұр.

Осының барлығы таяу болашақта адамзат баласының қандай бағытта дамып бара жатқанын айқындайды.

## БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАҚЫЛАУДА

**Қызылорда қалалық Полиция басқармасы Жергілікті полиция бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесі қылмыстың алдын алу және кәмілетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында тұрақты түрде кешенді шаралар жүргізіп келеді.**

Полициямен жүргізілген профилактикалық шаралар нәтижесінде қала бойынша қылмыс деңгейі биылғы жылдың бірінші тоқсанында айтарлықтай төмендеді.

Қалалық мектептерге бекітілген инспекторлар кәмілетке толмаған оқушылармен және олардың ата-аналарымен құ-

қық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Айта кету керек, ювеналды полициялар тұрақты түрде Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерімен бірге мектептер аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Тәртіп сақшыларымен жүргізіліп жатқан

бұл шаралар нәтижесінде облыс аумағында балалар арасындағы жаракаттану фактілері төмендеген.

Ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлері – погон таққан тәртіп сақшылары ғана емес, балаларға қамқоршы, психолог және тәрбиеші. Демек, бала тәрбиесіндегі басты тұлға ата-ана мен ұстаз және мектеп инспекторларының арасындағы қарым-қатынас өзара түсіністік пен қолдауға негізделуі қажет.

«СБ» ақпарат.

## БАЛЫҚ АУЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Бір кездері теңіздің табанын құрғап, судың тұздылығы күрт артуынан балық шаруашылығы тоқырап қалған болатын. «Мен Аралға көмектесем деген арнымна жеткеніме қуаныштымын» деп Тұңғыш Елбасының өзі айтқандай, мемлекеттің қолдауы мен үлкен көмектің нәтижесінде бүгінде Арал ауданы ең ауқымды балық шаруашылығы кәсіпорні ортасына айналды. 328 мың гектар аумақты қамтитын Кіші Арал мен одан өзге де 27,310 мың гектарды құрайтын 20 су айдыны осы саланың дамуына сүйелі үлес қосып келеді.

Заң бұзушылықты тоқтату, жазалау бағытында ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдесінде №190 бұйрығымен бекітілген «Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу» ережесі де бекітілген. Бұл ережеде Кіші Арал теңізіндегі сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамырды қоса алғандағы аралықта, Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғанда дейінгі аралықта, сонымен қатар Кіші Арал теңізінің Сарышаған және Бутақовқа шығанағында, сонымен қатар осы шығанақтарды байланыстыратын сағаларда мұздың ыдырауынан бастап 10 маусымға дейін балық аулауға тыйым салынатыны анық көрсетілген.

Балықтың ұлдыздық шапшаң мерзіміне тұспа-тұс келетін осы уақыттың өзінде 20 құдық бұзушыға Арал инспекци-

ясы бөлімі тарапынан іс қозғалып, оның 11-і Арал аудандық сотына жолданып, 2 қылмыстық іс тіркелді.

Одан бөлек, дәстүрлі «Уылдырық-2019» бірлескен іс-шара жоспары бекітілді. Құзырлы мемлекеттік мекемелері және табиғат пайдаланушылар қызметкерлерімен бірлескен рейдтер ұйымдастырылып, арнайы бекеттер қойылууда. Қазіргі таңда аталған бөлім қызметкерлерімен құрылған 5 топ Кіші Арал теңізінің 18 учаскесін, Камбан, Домалақ, Ақшатау, Приморский қолдар жүйесі мен Сырдарияның және негізгі балық аулаушы аймақтарды қатаң бақылауда ұстап отыр.

Осы орайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №18-03/578 бұйрығы аясында «Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық кәзіметі туралы үлгілік ережесін» сәйкес қорғалған аймақтар қорықшыларының да бақылау жасап жатқандығын атап өту керек.

Балықты ұрпаққа мұра ету – барлығымыздың міндетіміз. Теңіздің байлығын қорғау өзіміздің байлығымызды қорғау деп түсінген абзал. Кенепті Кеңес Олағы уақытында Аралдың ата-күлі әлемге балықпен танылғанын жоққа шығара алмаймыз. Қазір де жақын шет елдерге шығып тұрған экспорт көзіне балағатан теңіз байлығын ұрпаққа аманат ету біздің міндетіміз. Табиғатқа жанашырлықпен қарай білейік.

А.ЕРАЛИН,  
Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Арал инспекциясы бөлімінің жетекші маманы.

## Хабарламалар

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-06-02) «Солтүстік-Батыс Қызылқия қенішінде №116,117 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жоба жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-02-03) «Солтүстік Нұралы қенішінде №231, 245 ұңғымаларына кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-20-01) «Майбұлақ қенішінде мұнай жинау жүйесі. №42, 43, 44 ұңғымалардан аралық кубырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06. №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықты» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-20-02) «Майбұлақ қенішінде №42, 43, 44 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазақ би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштаға арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

# ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

### QAZAQSTAN

**Сенбі, 27 сәуір**

5:00 «Ulittuq amada – umytulmas ander»  
6:30 «Айналайын»

7:40, 2:55 «Koñil tolqynu»  
8:00 «Dara jol»  
9:10 «Sensilik tañ»  
11:00, 2:05 «Hit Qazaqstan»  
12:05 «Әзіл әлемі»  
13:40 «Түлкі мен ит - 2»  
14:45 «Екі гашық»  
16:50 «Jaidaman»  
19:00, 3:25 «Masele»

19:40 «Bey»  
21:15 «Qairly kesh, Qazaqstan!»  
22:55 «Ertuғырыл»  
23:55 «Эрин Броквини»

**Жексенбі, 28 сәуір**

5:05 «Qairly kesh, Qazaqstan!»

6:25 «Айналайын»  
8:05, 2:55 «Aqsayut»  
8:30 «Tañsholpan»  
9:50, 0:30 «Dara jol»  
11:10 «Uly dala sazı»  
12:30 «Beу»  
14:10, 2:25 «Тұлға»  
14:40, 3:15 «Жана қоныс»  
16:00 «Сүйген жүрек»

17:35 «Koñil tolqynu»  
18:00, 1:35 «Minber»  
19:00 «Apta»  
20:00 «Jahan-sarap»  
20:20 «Koñildil tapqyrlar alañy»  
22:05 «Ertuғырыл»  
23:05 Нұржан Керембаевтың концерті.



### QYZYLORDA

**Сенбі, 27 сәуір**

7:35, 10:20, 16:30 «Сіз білесіз бе?»  
8:00 Жаналықтар  
8:30 Новости  
9:00, 15:25 Х/ф «Жүйрік

болсаң, озып көр»  
10:45 «Тақиялы періште»  
11:30 «Коктейль»  
12:00 «Үлт саулығы»  
13:00 «Алқа»  
13:40 «Салық және халық»  
14:00 КР Мемлекеттік құзет қызметі Президенттік оркестрінің концерті  
17:00 «Астана-махаббатым

менің»  
18:00 «Ақиқат алаңы»  
18:30 «Марламқаш»  
19:00 «Жастарtime»  
20:00 «Ақсарай»  
20:35 «Заң сөйлейді»  
21:00 «Үштаған»  
21:40 «Қайырлы кеш, Қызылорда!»  
22:35 Х/ф «Өтіріктер уайымы»

**Жексенбі, 28 сәуір**

7:35 «Елім деп соғар жүрегім»  
9:35, 0:00 «Сіз білесіз бе?»  
10:00 «Марламқаш»  
10:45 «Туған өлке»  
11:00 «Ақиқат алаңы»  
11:35 «Заң сөйлейді»  
12:00 «Мәслихат»

12:30 «Ой-таным»  
13:00 «Үштаған»  
13:40 «Репортер ұсынады»  
14:00 «Мереке-думан»  
16:00 «Қайырлы кеш, Қызылорда!»  
17:00 «Өңдер мен жылдар»  
17:45 «Бизнес-бағдар»  
18:00, 21:00 «Апта ағымында»  
18:10, 21:10 «Қызылорда за

неделю»  
18:20 «Ақсарай»  
19:00 «Емен-жарқын»  
19:30 «Қазақстан тынысы»  
20:30 «Сыр сүйлейін сұрасаң...»  
20:30 «Өмір-өпен»  
20:40 «Юридическая консултация»  
21:25 Х/ф «Атака на Перл-Харбор».

### Сенбі, 27 сәуір

5:00 «Үят болмасын»  
5:45 «Асыл жарым»  
7:45 «Өзін өзі тану»

8:00, 2:30 «Мен - чемпион»  
8:30 «Юху и его друзья»  
9:00 «Марс»  
9:45 «Тайны. Судьбы. Имена»  
10:30 «Бір туынды тарихы»  
11:00 «Сені іздедім»  
11:45 «Жұлдызды жекпе-жек»  
13:30 «Жан анам»  
16:15 «Пашу»

18:15 «Қызық times»  
19:15 «Миллион кімге бұйырады?»  
20:00 «7 күн»  
21:00 Х/ф «Авиатор»  
23:40 «Вишневый сезон»  
0:30 Қайрат Баекенов пен «Формат» тобының «Махаббат»

**Жексенбі, 28 сәуір**

5:00 «Үят болмасын»  
5:45 «Тамаша»  
6:25 «Ер Тұран»  
7:45 «Самопознание»  
8:00 «Юху и его друзья»  
8:15 «Планета 51»

9:45 «Сделано из вторсырья»  
10:15 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»  
11:00 «Қызық times»  
12:00 «Қарақатпен шай»  
12:45 «Миллион кімге бұйырады?»  
13:30 Х/ф «Авиатор»  
15:20 «Күләш»  
18:20 «Жұлдызды жекпе-жек»

20:00 «7 күн»  
21:00 Х/ф «Прежде, чем я усну»  
22:45 «Вишневый сезон»  
0:30 «Азия» тобы «Махаббат аралы»  
2:00 «Тағдыр тартысы»  
2:30 «Мектеп».

### Сенбі, 27 сәуір

5:00 «В розыске»  
6:00 «Тамаша city»  
6:50 «Басты жаналықтар»  
7:40, 3:05 «Үшқалақ»  
7:50 «Чужие и близкие»

11:35 «Фабрика грез»  
12:00, 21:00, 1:20 «П@утина+»  
12:40 «КВН 2019»  
15:05 «Чужие дети»  
17:00 «Basty bagdarlama»  
17:45, 2:05 «Кешкі кездесу»  
19:00 «Главные новости»

19:30, 22:00 «Акушерка»  
23:30 «Разборка в Маниле»

**Жексенбі, 28 сәуір**

5:00 «В розыске»  
5:55, 1:35 «Тамаша city»

6:45 «Basty bagdarlama»  
7:30 «Үшқалақ»  
7:40 «Воскресные беседы»  
7:50 «Любит и верит»  
11:35 «Content»  
12:15 «Жизнь других»  
13:15 «Помощница»

15:00 «Райский уголок»  
19:00 «Аналитика»  
19:55, 1:05 «П@утина+»  
20:30 «Махаббатым жүрегімде»  
22:20 «Альпинисты»  
0:20 «Теория заговора».

### Сенбі, 27 сәуір

7:10 «Біздің концерт»  
8:20 «Юрмала»  
10:00 «Шанс на любовь»

13:30 «Самозванка»  
17:30 «Жүрегім сен келгені бақытты»  
20:00 «Большие новости»  
21:00 «Позднее раскание»  
0:30 «Юрмала»

2:00 «Біздің концерт»  
3:30 «Мерекелік концерт»  
4:00 «КТК» қоржынынан»

**Жексенбі, 28 сәуір**

6:05 «Жүрегім сен келгелі бақытты»  
7:20, 3:20 «Әнім сен едің»  
8:30 «Юрмала»  
10:40 «Позднее раскание»  
14:30 «Гадкий утенок»

18:30 «Дау-дамайсыз»  
19:00 «Алтан»  
20:00 «Портрет недели»  
21:00 «Слуги народа»  
21:30 «Странная красавица»

23:30 «Я стесняюсь своего тела»  
1:00 Х/ф «Тезирек жет, Джемшид»  
2:20 «Мерекелік концерт»  
4:10 «КТК» қоржынынан».

### Сенбі, 27 сәуір

5:00 «KazNet»  
5:30, 20:10 «Таңдауым сен»  
6:30 «Алдар көсе»

7:00, 11:40 «Маша и медведь»  
8:30, 11:00 «MoneyTime»  
8:45, 11:20 «Тенгеания NEXT»  
9:00, 21:10 «Абысындар»  
12:00 Союзмультифильм  
13:00 Төреғали Төреәлінің фильм-концерті  
15:20 Х/ф «Бейкүно жан»

17:00 «Бір туған»  
18:00 «Ел аузында»  
19:00 «Біздің уақыт»  
19:45 Бірегей. Қапаш Құлшышева  
22:10 Х/ф «Ражджумар»  
1:00 «Көріпкел»  
2:00 «Әзілстан»  
2:30 «Ой мен ойын»

**Жексенбі, 28 сәуір**

5:00 «KazNet»  
5:30, 20:10 «Таңдауым сен»  
7:30 «Кунг-фу Панда: Удивительные легенды»  
7:00, 10:40 «Маша и медведь»  
8:30, 10:00 «MoneyTime»  
8:45, 10:20 «Тенгеания

NEXT»  
9:00, 21:10 «Абысындар»  
12:00 Союзмультифильм  
13:00 Х/ф «Жоғалған бақ»  
15:00 Х/ф «Үмітңді үзбе»  
17:00 «Бір туған»  
18:00 «Ел аузында»  
18:40 «Репортер представляет»

19:00 «Избранное за неделю»  
19:45 Бірегей. Нүкетай Мышбаева  
22:10 Х/ф «Скайлайт»  
0:30 «Көріпкел»  
1:30 «Әзілстан»  
2:00 «Ой мен ойын»  
2:30 «Күлдірген».

### Сенбі, 27 сәуір

5:00 «Қыздар арасында»  
5:30, 2:00 «Себебі сен»  
7:30 «Айнаонлайн»  
8:00 «Смеяться разрешается»

9:50 Х/ф «Побег из аула. Операция Махаббат»  
11:50 Х/ф «Близнецы-драконы»  
15:10 «Няня ага»  
18:30 «Япырай»  
19:00 «Tele Bingo»

19:40 «Q-елі»  
20:00 Лотерея 777  
20:05 Х/ф «Астерикс и Обеликс: миссия Клеопатра»  
22:20 Х/ф «Астерикс и Обеликс против Цезаря»

0:30 «Гадалка»  
3:30 «Гу-гулет»  
4:00 «Жені көр»

**Жексенбі, 28 сәуір**

5:00 «Қыздар арасында»

5:30, 2:00 «Себебі сен»  
7:30 «Айнаонлайн»  
8:00 «Оморина»  
9:50 «Дилетант»  
14:00 Х/ф «Егіз жігіттер»  
16:10 «Бастық боламын-2»  
19:30, 3:30 «Гу-гулет»  
20:00 Лотерея 777  
20:05 Х/ф «Очень плохие мамочки»  
22:10 Х/ф «Очень плохие мамочки 2»  
0:10 «Гадалка»  
4:00 «Жені көр».

● Телебағдарламада өзгерістер болуы мүмкін ● Басы өткен сағад.

## САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ

18.04.2019 ЖЫЛ

Сауда орындарының атауы	Ақ күріш, кг	Сауда орындарының атауы	Бірінші сортты бідай ұны, кг	Сауда орындарының атауы	Қарақармақ жармасы, кг	Сауда орындарының атауы	Бірінші сортты ұннан жасалған қалыпта нан (бопке)	Сауда орындарының атауы	Сыр еті, кг	Сауда орындарының атауы	Тауық жұмыртқасы, он даясы	Сауда орындарының атауы	Ақ қағазда қырақабат	Сауда орындарының атауы	Басты піне, кг	Сауда орындарының атауы	Сәбіз, кг	Сауда орындарының атауы	Картоп, кг	Сауда орындарының атауы	Ақ кеші-күмшекер, кг
1. Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	180	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	82	Magnum	109	Ажар	45	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК**	1350	Мирас	250	Мирас	200	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	60	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	40	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	40	Small	201
2. «Small» СУ	225	Small	110	Small	110	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	50	Сұлтан	1600	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	260	Қызылорда	289	Мирас	90	Сыбаға	120	Мирас	80	Magnum	202
3. «Қызылорда» СУ	225	Сыбаға	110	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	120	Мирас	50	Мирас	1600	Ажар	260	Magnum	329	Сыбаға	100	Қызылорда	120	Сыбаға	90	Қызылорда	225
4. «Ажар» СУ	225	Ажар	110	Қызылорда	130	Magnum	50	Айтбек	1600	Magnum	275	Ажар	336	Қызылорда	106	Мирас	130	Қызылорда	91	Сыбаға	240
5. «Magnum» СУ	239	Мирас	110	Мирас	135	Сыбаға	50	Magnum	1665	Қызылорда	280	Small	370	Ажар	138	Ажар	140	Ажар	100	Мирас	240
6. Сыбаға базары	250	Қызылорда	110	Ажар	168	Small	63	Small	1740	Small	290		Small	Magnum	146	Magnum	149	Magnum	143	Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК	245
													Small	Magnum	149	Small	170	Small	165	Ажар	250

Ескерте: Әлеуметтік дүкен ӘКК\*\* - сыр еті Ескі базар жанындағы және Универсам

ҚР Ұлттық Ұланының ән-би ансамблі 23-25 сәуір аралығында сырбойлықтар назарына «Ұлы дала ұлдары» атты концерттік бағдарламасын ұсынбақ.

## ҰЛТТЫҚ ҰЛАН КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА ҰСЫНАДЫ

Гала-концерт «Біздің Ел-басы» акциясы аясында Н.Бекжанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының залында үш күн қатарынан кешкі сағат 19.00-де ақсыйз негізде өтеді. Ел-басының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын халыққа насихаттауды мақсат еткен шараны ҚР Ұлттық Ұланының ақпараттық-

насихаттық тобы мен ән-би ансамблі ұйымдастырып отыр. Сонымен қатар, аймаққа сапар аясында ұжымның азаматтық борышын өтеп жүрген сарбаздардың ата-аналарымен, Ұлы Отан соғысының ардагерімен кездесуі, Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында (карттар үйі) концерт беруі жоспарланған.

«СБ» ақпарат.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ӘН-БИ АНСАМБЛІНІҢ КОНЦЕРТІ**

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

Қызылорда қ. **Нартай Векежанов** атындағы драма театры **23-25 сәуір 19:00**

Ақтау қ. **Нұрмұхан Жантөрин** атындағы драма театры **26-27 сәуір 19:00**

Жанаөзен қ. **«Мұғайым»** мәдениет үйі **28 сәуір 18:00**

Алтырау қ. **«Құрманғазы»** мәдениет үйі **29-30 сәуір 19:00**

Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің басшы-кереметі жетекшісі **БАХИТГАЛИЕВ ДАРЖАН ЕРМЕКЖІЛ**

### TYLSYM

## ҚЫЗЫЛ БҰЗАУ ХИКАЯСЫ ЖӘНЕ ШАШТЫҢ КӨКПЕН БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ

Зенгі баба сиырдың ішінде жатқан бұзаудың түр-түсін нақтап айтып, жаңылмай табатын көріпкел әулие болған. Оның өмірлік қосағы Әнуар ананың да іштегі бұзаудың қандай екенін ажырата алатын сыншылық қасиеті бар екен. Осы бір бағзы заманның оқиғасын айтушылар оны әртүрлі әулиелердің аузына салып жүр. Бұл – дұрыс емес. Әр аңыздың өз ақиқаты, әр киенің өз иесі бар. Оқиға былай:

### Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Бірде бабаның зайыбы ерінен:  
– Мен сіздің әулиелік ісіңізге ортақпын ба? Сауапқа серікпің бе? – деп сұрапты. Зенгі оған:  
– Мен тақуамын, таза ісіммен әулиелікке иемін. Бұл қасиет өзімнен, оған сен ортақ емессіз, – депті.  
Әнуар ана ері Зенгінің ерекше ықыласымен күтіп, ас-ауқатын таза дайындап, қызмет еткен. Ол ас дайындағанда ыдыстарды тоғыз мәрте жуып-шайтын көрінді.  
Бір күні Әнуар ана түс мезгілінде ас дайындап жатып, ауқаттың ішінде әлдененің қараң ете қалғанын көзі шалады. Бірақ әлгі қылдай нәрсені тамақты қанша сапырып іздесе де таба

алмайды. Шамалап астың бір-екі шөмішін алып, төгіп те тастайды. Содан не керек, өрісте ыстық күннің астында қуырылып өзін күткен ерінің жай-күйін ойлап, ауқатты алып асыға жетеді. Баба тамақты ішіп алады.  
Арада біраз уақыт өтеді. Бірақ, Әнуар ананың көңілінен күмән кетпейді. Соны байқау ниетінен ирліге жатқан сиырдың шеткі біреуін қолымен нұсқап:  
– Анау сиыр қандай бұзау тауды екен? – деп сұрақ қояды.  
– Түсі қызыл, маңдайы қасқа бұзау тауды, – деп жауап береді ері. Сонда жұбайы:  
– Меніңше, маңдайы емес, құйрығының ұшы ақ, қызыл бұзау тауды, – дейді.  
Өзірге әңгіме осымен тәмам болады. Уақыты жеткенде Әнуар ананың айтқанындай құйрығының ұшы ақ, түсі қызыл бұзау тауды.  
Сонда бабамыз:  
– Мен қалай жаңылдым? – деп сұрапты.  
– Осы бұзаудың түр-түсі әңгіме болған күні әкелген ауқатты істеп жатып ішіне бір ноқаттай кара дақтың түсіп кеткенін байқадым, бірақ алып тастамақ болып қанша іздесем де, таба алмадым. Сол кара дақ көзіңізге берде боп тұтылып, іштегі бұзаудың түсінен жаңылдыңыз. Шын мәнінде бұзаудың ұшы ақ құйрығы қайрылып, аяғының арасынан өтіп, маңдайына тиіп жатыр еді, – дейді жұбайы. Мұны естіген бабамыз:  
– Менің әулиелік қасиетім-

### FESTIVAL

## ҰЛТ ӨНЕРІН АСҚАҚТАТҚАН «АҚ КЕРБЕЗ»



«Жастар жылы» аясында және 29 сәуір – Халықаралық би күніне орай сенбі күні Сыр елінде алғаш рет I республикалық «Ақ кербез» би фестивалі өтті. Би – ұлттың болмысын, мінезін, халықтың өмірінен хабар беретін ерекше өнер екені белгілі. Бұл күні еліміздің әр аймағынан жиылған би ұжымдары аталған фестивальда сұлулықты қимыл-қозғалыспен үндестіре білді.


### Дәуржан ЕЛУБАЕВ.



А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде өткен шараны облыстық филармония ұйымдастырды. Өнер фестиваліне Ақтөбе облысынан «Аққу», Батыс Қазақстан облысынан «Назерке», Оңтүстік Қазақстан облысынан «Қаракөз», Жамбыл облысынан «Томирис» ансамбльдері, сондай-ақ, жергілікті өнерпаздар – Қорқыт ата атындағы университеттің «Дида», М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің «Нұрғұл», Қазанған атындағы музыкалық колледжінің «Сыр сұлуы» халықтық би ансамбльдері мен Қызылорда қалалық мәдениет үйінің «Арайлы» би тобы қатысты. Қалалық мәдениет үйіне бекзат өнерлі құрметтейтін көрермен көп жиналды.  
Сондай-ақ, фестиваль аясында белгілі балетмейстер, хореограф, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Гүлбану Мырзабаеваның шығармашылығының 30 жылдығына арналған «Томирис» би ансамблінің концертті ұйымдастырылды. Фестивальді ашқан облыстық филармония басшысы Талғат Мақашов би ұжымдарына сәттілік тілеп, «Дида» халықтық би және «Томирис» би ансамбльдерінің же-

текшісі Г.Мырзабаеваға облыс әкімінің алғыс хатын табыс етті.  
Айта кетейік, «Томирис» би ансамблі 2001 жылы құрылды. Алғашқы кезде би тобының құрамында небәрі 4 биші болса, қазір мұнда 24 биші-хореограф жұмыс жасайды. Олардың барлығы кәсіби мамандар. Ансамбльдің жетекшісі әрі балетмейстер Гүлбану Мырзабаева. Ол «Томирис» би тобының ансамблі болып қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Нәтижесінде өнер ұжымы халықаралық және республикалық байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Нақты кезеңде «Томирис» би ансамблі облыстағы бірден-бір кәсіби өнер ұжымы. Аймақ басшысының қолдауымен соңғы 6 жыл ішінде аталған ансамбль ұжымы елімізде ғана емес, алыс және жақын шет елдерге барып, өнер көрсетіп жүр. Атап айтсақ, Ресей, Украина, Корея, Қытай, Түркия мен АҚШ мемлекеттерінде қазақ өнерін паш етіп, талғампаз көрерменнің тәнті етті. Ұзаған жылдың соңында Дубайда (Біріккен Араб Әмірлігі) табысты өнер көрсетті.

Бұл жолы да көрермен әр туындысы шағын қойлымға тартып «Томирис» шығармашылығынан күтпеген шешімдер мен шынайылықты байқап, Ұлы даланың қайсар аруларының өрлігі мен рухын сезінді.  
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.**



## ҚАЗАҚСТАН КӨКПАРДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Алматыдағы Талғар ауданында ат спорты түрлерінен жастар арасында өткен Азия чемпионатында ел командасы көкпардан абыройымызды асырып, көк туымызды желбіретті. Ақтық сында Моңғолия спортшыларымен кездескен біздің көкпаршы ұлдар 8:4 есебімен жеңіске жетіп, чемпион атанды.



Бұған дейін хабарлағанымыздай, ұлттық құрама сапында жерлесіміз, Жаңақорған ауданы, Талап ауылының шабандозы Нұрлыбек Асқаров та бақ сынады. Исламхан Боранбаев дайындайтын Нұрлыбек көкпардан Қазақстан чемпионатының 3 дүркін күміс және қола жүлдегері, дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан қола медаль иеленген.  
Айта кетейік, бұл жастар арасындағы тұңғыш чемпионаттың алғашқы алтын жүлдесі. Сайыстың 3-ші жүлдесін сарапқа салған Өзбекстан мен Қытай командалары арасындағы кездесуде өзбек жігіттер 3:2 есебімен қола жүлдеге ие болды.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КАРАТЭШІЛЕР ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА

Шымкент қаласында вадорю каратеден өткен ҚР чемпионатында жерлесеріміз 9 алтын, 7 күміс, 15 қола, барлығы 31 медальді жеңіп алды.



Жеңімпаздар арасында Ғабиден Урунбаев, Данара Жалғасбаева, Ақбота Рзақ, Мұхаммедали Мағанатұлы, Дамир Қамал, Дастан Сыздық, Ерболат Бодық, Акерке Сейтқали және Ернұр Сайранұлы сынды облыс намысын көтеріп, алтын әперген ұл-қыздар да бар.

## АУЫР АТЛЕТИКТЕР АУДАНДА БАҚ СЫНАСТЫ

Шиелі ауданында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев атындағы ауыр атлетикадан республикалық ашық турнир өтті. Оған жиырма жасқа дейінгі жасөспірім ұлдар мен қыздар қатысты.



Ауданда алғаш рет ұйымдастырылған республикалық ашық турнирге еліміздің 9 облысынан және көршілес Қырғызстан мемлекетінен 100-ге жуық спортшы 10 салмақ дәрежесі бойынша жүлделерді сарапқа салды.  
Дүбірлі долада облыс спортшылары аймақ қоржынына 9 алтын, 1 күміс және 7 қола медаль салды.

«СБ» ақпарат.

<b>Menшік иесі</b>   <b>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b>	<b>БАС ДИРЕКТОР</b> <b>Аманжол ОҒАРБАЕВ</b> қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36 40-11-10 (1002)	<b>БАС РЕДАКТОР</b> <b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b> қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	<b>www.facebook.com/syrboyi.kz/</b>  Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)	<b>https://twitter.com/syrboyi</b>  Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	<b>www.instagram.com/syrboyikz</b>  Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.	  Таралымы 29258 Тапсырыс №611
	Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	Кезекші редактор <b>Ержан ҚОЖАСОВ.</b>				